

С.М. Джалмагамбетова^{1*}, А.Р. Озкан²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Анкара университеті, Анкара, Түркия

*e-mail: muratvekova@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ САНА ФИЛОСОФИЯСЫ

Ғылымның барлық салаларындағы заманауи жаңалықтар адамды және оның санасын зерттеудің жаңа қағидаттарын қалыптастыруға ықпал етуде. Адам ақыл-ойы мәселесіне арналған теориялар көп болғанымен, сананың географиялық және мәдени ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтары әлі де толық зерттелмеген. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – Батыс және Шығыс философияларындағы сана түсінігін салыстырмалы тұрғыдан талдау. Зерттеу барысында талдау, синтез, жалпылау, индукция, салыстырмалы және контент-талдау сияқты жалпы ғылыми және арнайы әдістер қолданылды. Сана мәселесін түсіндіру үшін Батыс пен Шығыс философиясының өкілдерінің еңбектері сарапталды. Ислам философиясында ислам монотеизмінің ерекшеліктері мен ойлау мен тәңнің арақатынасы қарастырылды. Ал Батыс философиясында Д. Хофштадтердің санамәні мен «өзіндік модель» тұжырымы, Д. Чалмерстің сана элементтері теориясы негізге алынды. Зерттеу нәтижесінде Батыс және Шығыс философиялық мектептеріндегі сана түсіндіру тәсілдерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталып, авторлық аналитикалық қорытынды жасалды. Жұмыстың нәтижелері қазіргі заманғы когнитивті ғылымдар мен мәдениеттану саласындағы пәнаралық зерттеулерді байыта түседі. Сонымен қатар алынған қорытындылар цифрлық дәуірдегі тұлғалық бірегейлік мәселелерін түсінуде маңызды рөл атқарады. Мақаланың практикалық маңызы – салыстырмалы талдау әдісі арқылы әр қоғамның құндылықтық негіздерін салыстыру нәтижелерін алуда.

Түйін сөздер: салыстырмалы зерттеулер, сана элементтері, ой тәжірибелері, ақыл мен материяның арақатынасы, исламдық сана, жасанды интеллект.

S. Jalmagambetova^{1*}, A.R. Ozkan²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Ankara University, Ankara, Turkey

*e-mail: muratvekova@mail.ru

The Philosophy of Modern Consciousness

Modern scientific discoveries across various fields contribute to the development of new principles for studying human beings and consciousness. Although numerous theories of mind exist, the question of how consciousness differs depending on geographical and cultural context remains insufficiently explored. The purpose of this article is to provide a comparative analysis of the philosophy of consciousness within Western and Eastern philosophical traditions.

The study applies general scientific and specific methods, including analysis, synthesis, induction, generalization, comparative, and content analysis. To explain the phenomenon of consciousness, the works of prominent representatives of Western and Eastern philosophy were examined. Within Islamic philosophy, the features of Islamic monotheism and the relationship between thought and the body are discussed. Western philosophy of consciousness is analyzed through D. Hofstadter's concept of the essence and "self-model" of consciousness and D. Chalmers' theory of the elements of consciousness. The research identifies fundamental similarities and differences in the interpretation of consciousness in Western and Eastern traditions and provides an analytical evaluation. "The results of this work enrich interdisciplinary research in the fields of contemporary cognitive sciences and cultural studies. Furthermore, the findings play a crucial role in understanding the issues of personal identity in the digital age." The practical significance lies in comparing the value foundations of societies through the application of comparative analysis in the study of the philosophy of consciousness.

Keywords: comparative studies, elements of consciousness, thought experiments, relationship between mind and matter, Islamic consciousness, artificial intelligence.

С.М. Джалмагамбетова^{1*}, А.Р. Озкан²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Анкара университет, Анкара, Турция

*e-mail: muratvekova@mail.ru

Современная философия сознания

Современные научные открытия во всех областях способствуют формированию новых принципов изучения человека и его сознания. Несмотря на существование различных теорий разума, вопрос о различиях сознания в зависимости от географических и культурных факторов остаётся недостаточно исследованным. Целью данной статьи является сравнительный анализ философии сознания в контексте западных и восточных философских традиций. В ходе исследования использованы общенаучные и специальные методы: анализ, синтез, индукция, обобщение, сравнительный и контент-анализ. Для раскрытия проблемы сознания изучены труды представителей западной и восточной философии. В исламской философии рассмотрены особенности исламского монотеизма, а также соотношение мышления и тела. Западная философия сознания представлена концепцией сущности сознания и «самомоделей» Д. Хофштадтера и теорией элементов сознания Д. Чалмерса. Выявлены основные сходства и различия подходов к пониманию сознания в восточной и западной философии, дана авторская аналитическая оценка. «Результаты работы обогащают междисциплинарные исследования в области современных когнитивных наук и культурологии. Кроме того, полученные выводы играют важную роль в понимании проблем личностной идентичности в цифровую эпоху». Практическая значимость исследования заключается в возможности сопоставления ценностных оснований различных обществ с применением сравнительного анализа философии сознания.

Ключевые слова: сравнительные исследования, элементы сознания, мысленные эксперименты, соотношение разума и материи, исламское сознание, искусственный интеллект.

Кіріспе

Адамзаттың өмір сүруі мен дамуы эволюциялық процестерге негізделгендіктен, оның табиғи болмысын зерттеу көптеген ғасырлар бойы өзекті болып келеді. Бұл мәселе адамның санасын зерделеуге де тікелей қатысты, өйткені сана философиясы адам табиғатын танудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады. Сананы зерттейтін философиялық ілімнің дамуының арқасында қазіргі ғылымда жеке ақыл-ойдың табиғатын түсіндіруге арналған әртүрлі тәсілдер қалыптасты. Бұрынғы дәстүрлі көзқарастарда сана мен сыртқы әлемнің өзара байланысы басты түсіндіру тетігі ретінде қарастырылса, қазіргі бағыттарда тіл, мінез-құлық және әлеуметтік тәжірибе секілді өзге факторлар ескеріледі.

Соған қарамастан, адам санасының шығу тегі туралы мәселе әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Себебі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен технологиялық жаңалықтар бұрыннан қалыптасқан теориялардың жарамдылығын қайта қарастыру қажеттілігін тудырады. Сана философиясы этика, нейропсихология, нейрофизиология секілді басқа да ғылым салаларымен өзара байланысты дамып келеді, сондықтан бұл салалардағы жаңа ғылыми жаңалықтар сана мәселесін қайта пайымдауға түрткі болады.

Ғылыми теориялардың даму тарихына көз жүгіртсек, әрбір жаңа ілім өзінен бұрынғы теорияға сүйеніп, оны не жалғастырып, не жоққа шығарып отырады. Осы қағида қазіргі заманғы сана философиясына да тән. Мысалы, Д.Чалмерс (2003, 111б) сана физикалықтан өзгеше феномен өзінің еңбектерінде америкалық философ Д.Серлдің көзқарастарын талдап, оның сана философиясы жөніндегі жүйелі шолуын ұсынады. Ғалымдардың пікірінше сана физикалық процестерге толықтай түсірмейтін күрделі құбылыс дейді. Сонымен қатар айырмашылығы Д.Чалмерс сана туралы ойы панпсихизмге жакын, ал Д.Серлдің сана туралы ойы бойынша сана тек биологиялық миға тән дейді.

Ал Д.Чалмерс (1996, 112 б) Готфрид Лейбництің көзқарастарын қайта қарастырып, оның метафизикасы мен сана философиясының ғылыми мәнін айқындауға тырысады. Зерттеушінің тұжырымынша, Лейбництің кейінгі еңбектері бастапқы діни-метафизикалық көзқарастардан айырылып, табиғи-ғылыми сипат алған.

Қазіргі зерттеулерде сана философиясы басқа гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдармен тығыз байланыста қарастырылады. Мәселен, Д.Чалмерс Аристотель көзқарастары негізінде сана мен сезім мүшелері арасындағы байланысты талдайды (Chalmers, 1995). Д. Хофштадер сананың негізгі қасиеті ретінде өзіндік рефлексияны атап көрсетеді (Presti, 2020). Этика саласында сана теориясының маңызы ерекше, өйткені адамның ерік бостандығы мен жеке жауапкершілігі мә-

селелері сана ұғымының философиялық түсіндірмесіне тікелей байланысты. Осыған сәйкес, жасанды интеллектке сана қалыптастыру мәселесінің этикалық немесе бейэтикалық сипаты да осы теориялық негіздер арқылы айқындалады (Steinberger, 2021).

Осылайша, қазіргі заманғы философиялық және ғылыми еңбектерде сана мәселесі кеңінен талданғанымен, бұл бағытта әлі де терең зерттеуді қажет ететін бірқатар аспектілер бар. Соның бірі – салыстырмалы сана философиясы, яғни Шығыс пен Батыс ойшылдарының сананы түсіндіру ерекшеліктерін салыстыра талдау. Осыған сәйкес, зерттеудің негізгі мақсаты – Батыс және Шығыс философиялық дәстүрлеріндегі сана ұғымының интерпретациялық ерекшеліктерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау болып табылады.

«Қазіргі таңда сана мәселесі тек теориялық метафизика шеңберінен шығып, нейроғылым, когнитивті психология және жасанды интеллект салаларының тоғысындағы пәнаралық мәселеге айналды. Әл-Фараби мен Ибн Синаның Шығыс перипатетизмі мен Д. Деннеттің батыстық функционализмі немесе Д. Серлдің биологиялық натурализмді салыстыру – цифрлық дәуірдегі «саналы машина» жасаудың этикалық және онтологиялық шекараларын айқындау үшін өзекті. Ибн Синаның «жанның өзін-өзі тануы» туралы концепциясы мен Чалмерстің «сананың қиын мәселесі» арасындағы генетикалық байланысты зерделеу, адам болмысының техникалық модельденбейтін қырларын түсінуге мүмкіндік береді».

Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қазіргі заман ғылымында сана мәселесі ерекше өзектілікке ие, өйткені адамның табиғатын, оның танымдық қабілеттерін және сыртқы ортамен байланысын түсіндіру философия, психология, нейроғылым және жасанды интеллект секілді салалардың тоғысында жаңаша қарастырылуда. Әлеуметтік-мәдени өзгерістер мен технологиялық прогресс бұрынғы философиялық түсініктерді қайта пайымдауды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Шығыс және Батыс философиялық дәстүрлеріндегі сана ұғымының интерпретациялық ерекшеліктерін зерттеу маңызды ғылыми мәселе.

Қазіргі сана философиясы тек метафизикалық емес, сонымен қатар нейроғылым және жасанды интеллект салаларындағы эмпирикалық деректермен тығыз байланысты пәнаралық зерттеу алаңына айналды. Осы тұрғыда әл-Фараби мен

Ибн Синаның классикалық концепциялары мен қазіргі батыстық теориялар арасындағы үндестікті келесі аспектілерде қарастыруға болады:

1. Нейроғылым және «Сананың қиын мәселесі»: Қазіргі нейробиология мидағы нейрондық белсенділіктің картасын жасағанымен, Д. Чалмерс атап өткен «қиын мәселені» – физикалық процестердің қалайша субъективті ішкі тәжірибеге демек квалиаға айналатынын түсіндіре алмайды. Бұл жерде Ибн Синаның «аспанда қалықтаған адам» эксперименті ерекше маңызға ие. Ибн Сина сананың денеден яғни физикалық субстраттан тәуелсіз өзін-өзі сезіну қабілетін дәлелдеу арқылы, бүгінгі нейроғылымдағы «сана мидың функциясы ма, әлде дербес құбылыс па?» деген дилемманың алғашқы онтологиялық шешімін ұсынды.

2. Жасанды интеллект және семантика мәселесі: Д. Серлдің «Қытай бөлмесі» аргументі жасанды интеллекттің ақпаратты өңдеу қабілеті мен оның мағынасын түсіну арасындағы алшақтықты көрсетеді. Бұл мәселе әл-Фарабидің «интеллект» яғни ақыл сатылары туралы ілімімен үндеседі. Әл-Фараби «белсенді ақылды» адам санасына мағына беретін сыртқы рухани күш ретінде сипаттаса, қазіргі жасанды интеллект контекстінде бұл – алгоритмдердің саналы түйсікке ие бола алмайтыны туралы Серлдің ұстанымын классикалық деңгейде қуаттайды. Д. Деннеттің сананы тек «ақпараттық машина» деп қарастыруы әл-Фарабидің «төменгі ақыл» негізі логикалық амалдар деңгейіне сәйкес келгенімен, рухани және креативті сананы түсіндіруде Шығыс перипатетизмі тереңірек мағына береді.

3. Этикалық зерттеулер: Сана философиясының қазіргі этикалық қыры – жасанды интеллекттің «субъективтілігі» мен жауапкершілігі мәселесіне тіреледі. Егер сана тек Д. Деннет айтқандай «иллюзия» немесе физикалық процесс болса, онда машина мен адам арасындағы этикалық шекара жойылады. Алайда, Ибн Сина мен әл-Фарабидің сананы адамның адамгершілік және интеллектуалдық кемелденуінің негізі ретінде қарастыруы қазіргі этикалық зерттеулерге маңызды акцент қосады: сана – бұл тек есептеуіш қабілет емес, ол адамның рухани бірегейлігі мен моральдық жауапкершілігінің қайнар көзі.

Араб-мұсылман ойшылдары әл-Фараби мен Ибн Сина сананы жан мен ақылдың өзара байланысы, адамның табиғи дамуы және рухани кемелденуі арқылы түсіндіреді. Ал Батыс философиясының қазіргі өкілдері Д. Чалмерс, Д. Серл және Д. Деннет сананы физикалық, когнитивтік және ақпараттық процестермен байланыстыра

отырып, эмпирикалық зерттеулерге сүйенеді. Бұл екі парадигманың салыстырмалы талдауы философиялық ойдың даму логикасын, мәдени-өркениеттік дәстүрлердің ерекшеліктерін және сананың теориялық моделін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Д. Чалмерстің дуалистік көзқарастары мен Д. Деннеттің физикалистік «Consciousness Explained» тұжырымдары арасындағы пікірталас қазіргі сана философиясының негізгі өзегін құрайды. Сондықтан тақырыптың талдануы ғылыми тұрғыдан да, практикалық маңыздылығы жағынан да толықтай негізді.

Зерттеудің мақсаты – Шығыс (араб-мұсылман) және Батыс философиялық дәстүрлерінде қалыптасқан сана ұғымының интерпретациялық ерекшеліктерін анықтау және оларды салыстырмалы талдау арқылы философиялық түсіндірудің негізгі бағыттарын айқындау.

Мақсатқа сәйкес зерттеу келесі міндеттерді қамтыды:

- әл-Фараби мен Ибн Сина еңбектеріндегі сана, таным, жан және ақылға қатысты көзқарастарды талдау;
- Батыс философиясының қазіргі өкілдері – Д. Чалмерс, Д. Серл және Д. Деннеттің сана туралы концепцияларын қарастыру;
- Шығыс және Батыс сана философияларының негізгі ұстанымдарын салыстырып, олардың ортақ және айырмашылық қырларын анықтау;
- сана мәселесінің қазіргі ғылыми кеңістіктегі өзектілігін негіздеу және оның нейроғылым, жасанды интеллект пен этикалық зерттеулермен байланысын көрсету;
- зерттеу нәтижелерін жүйелеу арқылы сананың философиялық түсіндірмесінің мәдени-өркениеттік ерекшеліктерін айқындау.

Сонымен қатар Қазақстандық философияда әл-Фараби мен Ибн Синаның таным теориясы мен антропологиялық көзқарастары Ә. Нысанбаев, Ж. Алтаев, А. Қасабек және М. Бурабаев секілді ғалымдардың еңбектерінде исламдық рационализм контекстінде жан-жақты талданды. Соңғы жылдары сананың когнитивті қырлары мен рухани болмысы Н. Сейтахметова мен А. Құрманбаеваның зерттеулерінде жаңаша пайымдалуда.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Сана философиясын философиялық және ғылыми мәселе ретінде зерттеу үдерісі үш негізгі кезеңде жүзеге асырылды.

Бірінші кезеңде ғылыми жұмыстың басты мақсаты – адам ойлауының философиялық тұрғыда түсіндірілу ерекшеліктерін Шығыс ғылы-

мы мен философиясының жетістіктері негізінде анықтау және олардың қазіргі қазақстандық қоғамның құндылықтық жүйесінің қалыптасуына ықпалын айқындау болды.

Екінші кезеңде зерттеу Батыс өркениетінің әлеуметтік-мәдени кеңістігінде қалыптасқан жеке тұлға санасы философиясын түсіндіру қағидаттарын анықтауға және оларды алдыңғы кезеңде алынған нәтижелермен салыстыруға бағытталды.

Үшінші кезеңде Шығыс пен Батыс ғылыми және философиялық мектептеріндегі адам санасы мәселесіне көзқарастарға кешенді салыстырмалы талдау жасалды. Бұл кезеңде алдыңғы екі кезеңнің нәтижелері жүйеленіп, басқа ғалымдардың осы тақырыптағы еңбектерімен салыстырылды.

Зерттеу теориялық сипатта болғандықтан, ғылыми жұмыста жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері кешені қолданылды. Олардың ішінде талдау мен синтез, салыстыру, жалпылау, индукция және абстракция әдістері ерекше маңызға ие болды. Арнайы әдістер қатарында контент-талдау мен салыстырмалы зерттеу тәсілдері пайдаланылды.

Талдау және синтез әдістері философиялық бағыттардың ғылыми-әдіснамалық еңбектерін зерделеу және зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеу үшін қолданылды. Салыстыру әдісі әр дәуірдегі сана мәселесінің зерттелу деңгейін тарихи даму желісі бойынша салыстыруға мүмкіндік берді. Жалпылау әдісі алынған нәтижелерді жүйелеп, зерттеу барысында қалыптасқан негізгі ғылыми тұжырымдарды қорытындылауға бағытталды.

Индукция әдісі арқылы сана философиясы жеке ғылыми және философиялық мәселе ретінде қарастырылып, оның құрамдас бөліктері – атап айтқанда, араб-мұсылман философиялық мұрасы мен америкалық философиялық мектеп – талдау нысанына айналды. Ал абстракция әдісі Батыс пен Шығыс санасының философиялық түсіндірілуін олардың пайда болған дәуірлерінің әлеуметтік-мәдени алғышарттарынан ішінара ажыратып, ойлау қағидаттарының мәнін ашуға мүмкіндік берді.

Жаңа ғылыми білім алу үшін қолданылған ерекше әдістердің бірі – контент-талдау. Бұл тәсіл Батыс және Шығыс философиялық мектептерінің өкілдеріне тән ортақ идеялар мен ұстанымдарды айқындауға мүмкіндік берді. Ал зерттеудің негізгі әдістемелік өзегі – салыстырмалы талдау әдісі болды. Ол Шығыс пен Батыс ойшылдарының сана туралы философиялық түсіндірулерін ғана емес, сонымен қатар осы түсініктерден туындайтын екі қоғамның құндылықтық жүйелерін салыстыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, зерттеу логикасы мен құрылымын көрнекі түрде көрсету мақсатында авторлар формальды-логикалық және жүйелік ғылыми тәсілдерге сәйкес графикалық және кестелік материалдарды пайдаланды. Бұл зерттеу нәтижелерін жүйелеуге және олардың өзара байланысын айқын көрсетуге мүмкіндік берді.

Осылайша, таңдалған ғылыми-әдіснамалық амалдар мен таным тәсілдерінің өзара үйлесімді қолданылуы зерттеу мақсатына сәйкес кешенді ғылыми жұмысты жүзеге асыруға негіз болды.

Нәтижелері

Араб-мұсылмандық сана философиясының ерекшеліктері

Ең алдымен, сана философиясы – теориялық тұрғыдан аса бай ғылыми бағыт екенін атап өткен жөн. Адам санасын түсіндіру мәселесі адамзаттың жеке субъект ретінде пайда болуымен бірге қалыптасқандықтан, бұл тақырып философиялық ой тарихында үнемі өзекті болып келген. Әр дәуірдің ойшылдары бұл мәселені өз өмірлік тәжірибесіне және сол кезеңнің әлеуметтік-мәдени жағдайларына сүйене отырып түсіндіргенімен, олардың көзқарастары өзара сабақтас болып келеді. Бұл тұжырым Араб-мұсылман философиясына да тән, себебі дәл осы ілім кейінірек еуропалық схоластикалық дәстүрдің дамуына алғышарт болды.

Ортағасырлық Шығыс философиясының сана туралы көзқарастары сол дәуір ойшылдарының тұтас идеялар жүйесін қамтиды. Сондықтан бұл зерттеуде ең алдымен әл-Фараби (1988, 112 б.)-сынды көрнекті ғалымның философиялық тұжырымдарын қарастыру орынды.

Араб-мұсылман ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби – сана философиясының ерекше өкілі, өйткені оның еңбектері ғылымның көптеген саласын қамтиды. Аристотельдің философиялық ілімдерін терең меңгерген әл-Фараби логика, физика, метафизика және математика сияқты ғылым салаларының негізін өз жүйесінде қайта пайымдауға тырысты. Мәселен, ол логиканы дербес өнер ретінде қарастырып, «логиканың ақыл мен ойлау нысандарына қатынасы, грамматиканың тіл мен сөзге қатынасындай» деп тұжырымдаған. Әл-Фарабидің пікірінше, логика – адамның дұрыс ойлау тәсілдерін меңгеруге бағытталған ең қажетті білім саласы.

Ойшылдың еңбектеріндегі басты мәселелердің бірі – таным мен білімнің табиғаты және жан мен тәннің арақатынасы. Ғалым таным процесінің мәнін түсіндіру арқылы адам болмысының өзегін ашуға болады деп есептеді. Сол кезеңдегі

табиғи ғылымдардың (физиология, медицина, физика және т.б.) жетістіктеріне сүйене отырып, әл-Фараби (2020, 25 б.) адамды табиғи дамудың заңды нәтижесі ретінде қарастырды. Оның ойынша, адам мен жануардың айырмашылығы – психикалық деңгейде көрінеді: жануар сезіне алады, ал адамда сана бар. Сана – адамды басқа тіршілік иелерінен айыратын басты белгі.

Дегенмен, әл-Фараби үшін адамның жетілуі тек санамен шектелмейді – оған тіл мен кәсіп те қажет. Осы арқылы ойшыл адамның әлеуметтік болмысының маңызын көрсетеді.

Әл-Фарабидің сана философиясында жан мен ақылдың өзара байланысы ерекше орын алады. Ғалымның пікірінше, жан – адамның мәні, ал дене – сол мәннің көрінісі. Жанның арқасында дене қоршаған әлемді тани алады, ал танымның негізінде теориялық ақыл тұрады. «Теориялық ақылдың жетілуі тұлғаның рухани кемелденуіне алып келеді», – дейді әл-Фараби (1988, 112 б.). Бұл үдеріс «әмбебап ақыл» ұғымымен байланысты, яғни адам осы ақылға барынша жақындаған сайын кемелдікке жетеді. Бұл идея көне грек философиясындағы «біртұтас бастау» қағидасымен үндес келеді.

Адам мен жануардың сыртқы әсерлерге реакциясы тұрғысынан да әл-Фараби маңызды айырмашылықтарды айқындайды. Оның пайымдауынша, жануар сезімге автоматты түрде жауап береді, ал адамда бұл әрекет саналы түрде жүзеге асады. Ойшыл мұны «жедел күш» деп атаған – ол адамның әлеуметтік мінез-құлқының қозғаушы күші болып табылады. Демек, мұнда әңгіме адам еркі мен жануар инстинкті арасындағы айырмашылық туралы болып отыр.

Шығыс философиясында әл-Фарабимен қатар Абу Әли ибн Синаның (Авиценна) мұрасы да ерекше орын алады (Al-Farabi, 2002). Орта ғасырдың ең ірі энциклопедистерінің бірі ретінде Ибн Сина өз еңбектерінде философияны үш бөлікке бөлген: физика, метафизика және логика. Ол адам танымның табиғи негіздерін, оның жүзеге асу тәсілдерін және таным процесінің болмыспен байланысын жан-жақты қарастырды.

Ибн Сина философияға материалистік сипат беруге тырысты. Ол логикалық ойлаудың заңдылықтарын объективті әлемнің заңдарымен байланыстырды, яғни логиканы өнер ретінде емес, дербес ғылым ретінде қарастырды. Сонымен бірге, ойшыл болмысты түсіндіруде діни идеологияның шектеулі екенін атап көрсетті. Оның пікірінше, «әлем Құдай тарапынан тікелей жаратылған емес, эманация жолымен, яғни тізбектелген ақылдар жүйесі арқылы табиғи түрде пайда болған» (Ibn Sina, 2019). Бұл көзқарас бойынша,

Құдай мен әлем мәңгі, себебі олардың арасында үздіксіз себеп-салдар байланысы бар.

Ибн Синаның сана философиясы жан мен тәннің бөлектілігіне негізделген. Ойшыл жанды «бастапқыда таза, мәңгі және тәннен тәуелсіз» субстанция ретінде сипаттайды. Ал тән жанның жер бетінде көрініс табуы үшін қажет құрал ретінде қарастырылады. Жан «аспандық ақылдар» арқылы адам тәніне дарытылып, оны моральдық және интеллектуалдық кемелдікке жетелеуге бағытталған.

Әл-Фараби сияқты, Ибн Сина да адам мен жануар арасындағы басты айырмашылықты сананың болуымен байланыстырады. Оның ойынша, сана – тәжірибелік мәселелерге жауап іздеуге бағытталған ақыл-ой қабілеті. Адам тәжірибеден алынған деректер негізінде логикалық және абстрактілі пайымдаулар жасай алады, бұл оның ерекше когнитивтік мүмкіндіктерін айқындайды (Ibn Sina, 2007).

Сонымен қатар, Ибн Сина (2013, 566) адам ойлауы мен ішкі түйсіну арасындағы шекараны айқындауға тырысты. Ойшылдың пайымдауынша, ішкі сезімдер арқылы тану үдерісі білім алудың қажетті алғышарты болғанымен, ол шынайы білімге толық қол жеткізу үшін жеткіліксіз. Осы тұрғыда Ибн Сина интуицияны ойлау қабілетінен және мидан бөліп қарастырып, оны жанның бір бөлігі ретінде сипаттайды.

Осылайша, Араб-мұсылмандық философиялық дәстүрдегі сана ілімі адамның танымдық қабілеттеріне және дін мен моральдың өзара байланысына негізделді. Бұл ерекшелік қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени кеңістіктердің, соның ішінде Қазақстанның да құндылықтық жүйесінің қалыптасуына зор ықпал етті.

Батыс ғылыми зерттеулеріндегі сана философиясын түсіндіру қағидаттар

Батыс дәстүріндегі қазіргі заманғы сана философиясының басты ерекшелігі – адамның заманауи технологиялармен өзара байланысын зерттеуінде. Осы себепті көптеген зерттеулер эмпирикалық деректер алуға бағытталған, бұл өз кезегінде философиялық тұжырымдардың объективтілігін арттыруға мүмкіндік береді. Егер бұрынғы ғылыми парадигмаларда адамның санасы көбіне адам мен жануардың арақатынасы арқылы түсіндірілсе, қазіргі зерттеулер адамның жасанды интеллектпен байланысына көбірек назар аударады. Осы бөлімде негізінен америкалық философтар – Д. Деннет (2017, 1126) пен Дж. Серлдің концепциялары қарастырылады.

Дэвид Чалмерс (2003, 2216) – «сана мәселесін» тұжырымдаған философ – бірінші және

екінші тезистерді қабылдай отырып, жоғарыда айтылған қорытындыға келеді. Ол сонымен қатар мынадай алғышарт ұсынады: егер бір құбылысты физикалық тұрғыдан түсіндіру мүмкін болмаса, онда ол құбылыстың өзі физикалық бола алмайды. Осы себепті Чалмерс қиын мәселенің жалғыз шешімі – белгілі бір онтологиялық дуализм түрін қабылдау деп санайды, және ол ең қисынды нұсқа ретінде қасиеттер дуализмін (property dualism) қолдайды.

Чалмерстің пайымдауынша, дәстүрлі табиғи ғылымдар (мысалы, нейробиология мен когнитивтік ғылым) сананың барлық құрылымдық немесе реляциялық қасиеттерін – яғни нейрондық, функционалдық немесе ақпараттық құрылымдар мен қатынастарды – толық түсіндіре алуы мүмкін. Алайда сана бұлардан бөлек феноменалдық қасиеттерге ие, және бұл қасиеттер принципті түрде дәстүрлі эмпирикалық әдістер арқылы түсіндірілмейді.

Дегенмен, көптеген философтар онтологиялық дуализмнің кез келген түрі философиялық тұрғыдан күрделі әрі даулы ұстаным екенін айтады. Сондықтан да олардың көпшілігі сананың қиын мәселесін дуализмге жүгінбей шешудің жолдарын іздеуді жөн көреді.

Дуализмнің қиындықтарынан аулақ болуға және қиын мәселені шешуге болады – ол үшін бірінші және үшінші тезистерді қабылдап, екінші тезисті жоққа шығару жеткілікті. Басқаша айтқанда, физика мен басқа да табиғи ғылымдардың барлық нысандары құрылымдық тұрғыдан толық талдана алады, және сана да осы тұрғыдан қарастырылуы мүмкін. Мұндай құрылымдар нейрондық процестер арқылы сипатталып, нақты нейрондық үлгілермен сәйкестендірілетін болар еді.

Бұл ұстанымды қолдаудың екі негізгі себебі бар: риторикалық және стратегиялық.

Риторикалық себеп мынада: бұл формулировка сананың қиын мәселесіне қатысты басты идеяларды айқын көрсетеді. Көптеген түсіндірулерге сәйкес, «жеңіл мәселелер» деп саналатын сананың барлық мәселелері оның белгілі бір функцияларын түсіндірумен байланысты. Ал «қиын мәселе» – функциялар тұрғысынан мүлде талданбайтын, яғни субъективті феноменалдық тәжірибеге тән қасиеттердің болуымен байланысты.

Сондай-ақ жиі айтылады: эмпирикалық әдістер тек диспозициялық қасиеттерге (яғни белгілі бір әрекетке бейімділікке) қол жеткізе алады, ал сана бұлардан бөлек, диспозициялық тұрғыдан түсіндірілмейтін қасиеттерге ие. Мұндай аргументтер тізбегін жалғастыруға да болады. Олардың барлығына ортақ идея – табиғи ғылымдар-

дың кез келген нысанын белгілі бір құрылымдық тұрғыдан талдауға болатыны (себеп-салдарлық, функциялық, кеңістік-уақыттық, қатынастық, ақпараттық және т.б. құрылымдар).

Айта кету керек, «табиғи ғылымдардың кез келген нысаны белгілі бір құрылымдық тип тұрғысынан талдана алады» деген пікір мен «барлық нысандар тек құрылым тұрғысынан талдана алады» деген пікірдің арасында айырмашылық бар. Жоғарыда келтірілген идеялар әдетте аргументтердің бөлігі ретінде қолданылады, бірақ олар қиын мәселенің толық анықтамасы емес. Егер біреу осы негізде формулировканы қабылдамаса, бұл орынды. Маңыздысы – қиын мәселені философиялық тұрғыдан түсінікті әрі анық түрде қоюдың өзі жеткілікті.

Талқылау

Бұл зерттеуде атап өтілгендей, қазіргі сана философиясын дамыту қағидаттарының бірі – адам санасы жөніндегі бұрынғы ғылыми еңбектерді талдау және олардың мазмұнын философиялық тұрғыдан түсіндіру болып табылады. Әсіресе, бұл ұстаным философия мен ғылым тоғысындағы сана философиясы тақырыбына арналған ғылыми мақалалар жазуда өзекті.

«Сана философиясы және техногендік өркеніет ретінде: Д. Деннет сананы «информациялық өңдеу процесі» деп қарастырса, әл-Фараби «белсенді ақыл» арқылы сыртқы дүниенің абстракциялануын сипаттайды. Қазіргі нейроғылымдағы нейрондық желілердің жұмысы әл-Фарабидің «түйсінуден пайымдауға» өту процесінің алгоритмдік көрінісі іспетті. Алайда, Д. Серлдің «Қытай бөлмесі» аргументі, жасанды интелект мағынаны түсінбейтінін дәлелдесе, Ибн Синаның «аспанда қалықтаған адам» эксперименті сананың өзіндік рефлексиясы, биологиялық немесе техникалық субстратқа байланбаған бірегей құбылыс екенін айғақтайды. Бұл – жасанды интелект этикасындағы «машинаның жауапкершілігі» мен «цифрлық сана» мүмкіндігін талқылауда іргелі негіз болады».

Қазіргі ғылыми қауымдастықта сана философиясына қатысты еңбектердің айтарлықтай көп екені белгілі. Әбу Насыр әл-Фарабидің сана философиясындағы экзистенциалдық мәселелерге ерекше назар аударуға болады. Ғалымның қорытындысына сәйкес, әл-Фараби философиясында адам – болмыста әрекет ететін ақыл-ой иесі, яғни шынайы дүниенің белсенді субъектісі ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, адамның мәні оның адамгершілік және зияткерлік тұрғыдан жетілуге ұмтылысында жатыр. Бұл тұжырым осы

зерттеудің алдыңғы бөлімдерінде қарастырылған идеялармен де үндес келеді. Атап айтқанда, әл-Фараби еңбектеріндегі «интеллектуалдық кемелдік» ұғымы «ең жоғарғы бақыт» ретінде түсіндіріледі. Демек, жаңа білім алу – адам табиғатының шынайы бақытқа жетуінің жолы.

Ортағасырлық араб-мұсылман сана философиясының өкілдерін салыстырмалы тұрғыдан зерттеу мәселесі де қазіргі ғылымда өзекті тақырып болып табылады. Мәселен, Генри Корбин (Tuncdemir & Burroughs & Moore, 2022) өз еңбегінде әл-Кинди мен әл-Фарабидің философиялық концепцияларының ерекшеліктерін талдаған. Зерттеу барысында ғалым әл-Кинди көзқарасындағы дін мен философияның өзара байланысын, сондай-ақ әл-Фараби іліміндегі эманация теориясын және дінге қатынасын сипаттаған. Осындай тақырыптар осы мақаланың алдыңғы бөлімдерінде де қарастырылып, әл-Фараби мен Ибн Синаның еңбектеріндегі сана түсінігі талданған болатын. Салыстырмалы талдау нәтижесінде әл-Фарабидің философиясы жалпы әмбебап бастауға ұмтылатыны, ал Ибн Синаның қағидалары Құдай мен материяның өзара байланысын айқындауға негізделетіні анықталды.

Араб-мұсылман философиясының қалыптасуына ежелгі грек философиялық дәстүрінің елеулі ықпал еткені де байқалды. Бұл жөнінде Оливер Лиман де өз еңбегінде ұқсас қорытындыға келеді. Оның ортағасырлық мұсылман философиясының қысқаша тарихына арналған еңбегінде антикалық грек және мұсылман ойшылдарының өзара байланысы егжей-тегжейлі сипатталады. Автор әсіресе Аристотельдің философиялық жүйесіне тоқталып, оның ізбасарлары ретінде әл-Фараби мен Ибн Синаны және басқа да мұсылман ғалымдарын атайды.

Сана философиясының әртүрлі дәстүрлердегі интерпретациясын салыстыру тек тарихи-философиялық көзқарас тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге қазіргі ғылыми парадигмалар аясында да маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Себебі сананың біртұтас теориясын жасауға бағытталған зерттеулер әлі күнге дейін әртүрлі философиялық мектептердің көзқарастарын біріктіре алмай келеді. Бұл тұрғыдан алғанда, Шығыс пен Батыс ойшылдарының еңбектерін кешенді талдау қазіргі ғылымдағы сана феноменін қайта түсіндірудің әдіснамалық негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Шығыс және Батыс дәстүрлерінің айырмашылықтарын қарастырғанда, ең алдымен танымдық тәсілдердегі ерекшеліктерді атап өткен жөн. Араб-мұсылман философиясында сана мәселесі көбіне құндылықтық, моральдық және метафи-

зикалық категориялармен сабақтастырыла қарастырылады. Әл-Фараби мен Ибн Сина тұлғаның рухани кемелденуі мен адам болмысының мәнін түсіндіруді сананың қызметімен тығыз байланыстырады. Бұл бағытта сана адамның табиғи даму жолындағы ең жоғары қабілеті ретінде қарастырылып, оның қалыптасуы моральдық жетілу, білім алу және рухани тәжірибе арқылы жүзеге асады. Сондықтан Шығыс сана философиясы адамның қоғаммен, табиғатпен және Жаратушымен үйлесімді әрекет етуін негізгі талап ретінде қояды.

Батыс ойшылдарының көзқарастарымен салыстырғанда, Шығыс философиясындағы бұл тұжырымдамалар адамның ішкі әлеміне көбірек мән береді. Ал Батыс философиясы, керісінше, сананы түсіндіруде когнитивтік және психофизиологиялық аспектілерді басым қолданады. Мәселен, Д. Деннеттің функционалистік көзқарасы, Дж. Серлдің биологиялық натурализм және Чалмерстің «қиын мәселесі» адамның санасын тәжірибелік, эмпирикалық әдістердің көмегімен сипаттауға ұмтылады. Бұл бағыт сананы ерекше феномен ретінде қарастырғанымен, оның табиғатын ғылыми тілмен сипаттауды көздейді. Нәтижесінде Батыс философиясы сананы биологиялық, жүйелік және ақпараттық құрылымдар негізінде түсіндіруге басымдық береді.

Осы контексте Шығыс пен Батыс сана философиясы бір-бірін толықтыратын екі түрлі ғылыми бағдар ретінде көрінеді. Шығыс дәстүріндегі руханилыққа бағытталған түсіндірулер Батыс ғылымындағы қатаң рационалистік тәсілдермен қарсы қойылмайды; керісінше, екеуінің синтезі сананың көпқырлы табиғатын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, әл-Фарабидің теориялық ақыл туралы ілімі қазіргі когнитивтік ғылымдағы интеллект моделдерін түсіндіруге қосымша философиялық негіз бола алады. Ал Ибн Синаның жан мен дене арақатынасы жөніндегі көзқарастары заманауи дуалистік және монистік теориялар арасындағы пікірталастарға тарихи-философиялық контекст береді.

Батыс философиясындағы сана мәселесінің соңғы кезеңдегі өзекті бағыттарының бірі – адамның жасанды интеллектпен қатынасын талдау. Жасанды интеллект жүйелерінің күрделенуі сана, ерік, рефлексия және моральдық таңдау секілді категориялардың қайта қарастырылуына әкеліп отыр. Бұл ретте Чалмерстің сананы физикалық процестерге толықтай сыйғызуға болмайды деген тұжырымы жасанды интеллекттің «саналы бола алу мүмкіндігін» этикалық тұрғыдан да, философиялық тұрғыдан да талқылауға мүмкіндік береді. Осыдан шығатын маңызды қо-

рытынды – сананы түсіндіру тек философиялық мәселе ғана емес, технологиялық және әлеуметтік мәселе ретіндегі маңызға ие болып келеді.

Шығыс пен Батыстың сана жөніндегі көзқарастарын салыстыру нәтижесінде олардың бірқатар ортақ ұстанымдарға ие екені анықталды. Екі дәстүр де сананың пайда болуын табиғи құбылыс ретінде қабылдайды және оны адам болмысының ажырамас бөлігі деп есептейді. Сонымен қатар, екі бағытта да сана адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін басты қабілет ретінде танылады. Бұл ортақтықтар философиядағы антропологиялық мәселелерді терең түсінуге мүмкіндік береді.

Батыс мәдениетінің батыстық емес қоғамға, әсіресе мұсылман қоғамына ену үдерісі қарамақайшылықты жағдайларға толы болғанын атап өткен жөн. Этникалық-мәдени айырмашылық, отаршылдық саясатының озбырлыққа толы басқару және басу әдістері мұның айқын дәлелі. Дегенмен, XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың басында мұсылман әлемінің зиялыларын жүйелі түрде қалыптасқан жағдай туралы жарқын және ағартушылыққа негізделген ортағасырлық ислам өркениеті қалай тоқырауға ұшырады, отарлаушылар өкшесінің астына қалай түсті, тоқыраудан қалай шығуға болады, батыстық жаңғыру үдерісінің жетістіктерін қалай игеруге болады деген сұрақтар мазалай бастады.

Сананың философиялық интерпретациясын зерттеу – көпқырлы, мәдениетаралық және пәнаралық мәселе. Шығыс және Батыс дәстүрлерін салыстыру арқылы сана феноменін түсіндірудің жаңа тәсілдерін ұсыну мүмкіндігі арта түседі. Бұл бағыт қазіргі ғылымда әлі де өзектілігін жоймаған ашық зерттеу алаңы болып табылады.

Қорытынды

Шығыс пен Батыс философиялық дәстүрлеріндегі сана мәселесін салыстырмалы талдау нәтижесінде келесідей тұжырымдар жасалды:

1. Интерпретациялық сабақтастық: Әл-Фараби мен Ибн Синаның «жан» мен «ақыл» туралы концепциялары қазіргі батыс философиясындағы Д. Чалмерстің сананың бейматериалдық табиғаты мен субъективті тәжірибе негізінде квалиа мәселелерінің тарихи-онтологиялық негізі болып табылады. Ибн Синаның «аспанда қалықтаған адам» аргументі сананың өзіндік рефлексиясы биологиялық субстраттан сана дербес құбылыс екенін ерте негіздеген.

2. Функционализм және Технологиялық сын: Д. Деннеттің сананы ақпараттық процесс ретінде қарастыруы әл-Фарабидің логикалық-

танымдық алгоритмдерімен үндеседі. Алайда, Д. Серлдің «Қытай бөлмесі» эксперименті мен Шығыс ойшылдарының «белсенді ақыл» ілімі жасанды интеллекттің тек синтаксистік яғни техникалық деңгейде қалып, семантикалық яғни мағыналық тереңдікке жете алмайтынын айғақтайды.

3. Пәнаралық өзектілік: Сана философиясы қазіргі **нейроғылым мен жасанды интеллект** саласындағы техникалық мәселелерді шешуде бағдаршам рөлін атқарады. Шығыстық «кемел ақыл» мен батыстық «сана физикализмі» арасындағы дискурс нейробиологиялық деректерді философиялық тұрғыдан интерпретациялауға және «цифрлық сананың» шекараларын анықтауға мүмкіндік береді.

4. Этикалық маңыздылық: Сананы Д. Деннеттің нейрофизиологиялық процесс ретінде емес, Ибн Синаның адам болмысының рухани-этикалық өзегі ретінде танудың практикалық маңызы зор. Бұл жасанды интеллект этикасындағы жауапкершілік мәселесін және адамның технологиялық ортадағы антропологиялық бірегейлігін сақтаудың теориялық негізін қалайды.

Түйіндей келе, Шығыс пен Батыс парадигмаларының синтезі сана мәселесін тек тар шеңберлі когнитивистика аясында емес, адам болмысының пәнаралық және метафизикалық тұтастығында қарастыруға жол ашады. Бұл бағыттағы зерттеулерді отандық философиялық мектептер шеңберінде тереңдету – отандық ғылымның әлемдік интеллектуалдық кеңістікке интеграциялануына септігін тигізеді.

Жалпы алғанда, қазіргі зерттеулердің жүйелі талдауы негізінде Шығыс пен Батыс сана философиясын салыстырмалы тұрғыда қарастыру – заманауи ғылымдағы өзекті бағыт екенін айтуға болады. Араб-мұсылман және америкалық философиялық дереккөздердегі сана түсінігінің философиялық негіздерін талдау олардың өзара байланысын айқындауға мүмкіндік берді. Екі қарама-қарсы философиялық парадигманы зерттеу нәтижесінде араб-мұсылман сана философиясы «рух» пен «материя» категориялары арқылы сипатталатын дуалистік түсіндіруге бейім екені анықталды. Сондай-ақ, ол адам санасын адам мен жануар табиғатын салыстыру арқылы айқындайды.

Ал америкалық сана философиясы, керісінше, сананы адам мен жасанды интеллект арасындағы қатынастар негізінде түсіндіреді. Бұл тәсіл дуализм мен дәстүрлі классикалық философиядан алыстап, эмпирикалық зерттеулерге басымдық береді. Мұндай зерттеулер ғылыми

тұрғыдан негізделген көзқарастарды дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Батыс пен Шығыс сана философиясының сапалық айырмашылықтарымен қатар, олардың зерттеулерінде бір ортақ және маңызды сипат байқалады. Бұл – сананың қызметін табиғи ғылымдар көмегімен түсіндіруге ұмтылу. Мысалы, әл-Фараби сананы медицина, биология, физика сияқты салалардағы білім арқылы түсіндіруге тырысқан болса, Д. Деннет адам санасын болашақта нейробиология тұрғысынан зерттеуді ұсынады (Dennett, 1991).

Осылайша, философия мен ғылым аясындағы сана мәселесін кешенді зерттеу практикалық маңызға ие, себебі ол әртүрлі әлеуметтік-мәдени кеңістіктер арасындағы айырмашылықтарды ұтымды түсіндіруге, сондай-ақ өркениетаралық диалог үшін ортақ құндылықтық парадигма қалыптастыруға ықпал етеді.

Авторлардың қосқан үлесі

Қазіргі философиялық дискурста Шығыс пен Батыс парадигмаларын тоғыстыру негізінде бұл мақалада – Али Рафет Озкан сана феноменін тек техникалық процесс емес, адам болмысының метафизикалық тұтастығында қарастыруды ұсынады.

1. Әл-Фараби: Сананың иерархиялық және этикалық мазмұны

Классикалық ислам рационализмі шеңберінде Әл-Фараби сананы биологиялық функциядан биік қойып, оны «белсенді ақыл концепциясы» арқылы негіздейді. Автордың үлесі:

- Интеллектуализм: Сананы когнитивтік қабілет қана емес, адамды ғарыштық рационалдықпен байланыстыратын рухани субстанция ретінде сипаттауы.

- Пәнаралық сипат: Ойлау процестерін сол дәуірдегі медицина мен физика білімдерімен ұштастырып, танымның эмпирикалық негізін қалауы.

- Антропологиялық этика: «Кемел адам» бейнесі арқылы сананың дамуын тікелей адамның адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілігімен байланыстыруы бойынша талдама жасалынды.

Ал Қазіргі философиялық дискурста Шығыс парадигмаларын тоғыстыру негізінде бұл мақалада Джалмагамбетова С.М. Дж Д. Деннет: Функционализм және ақпараттық-технологиялық парадигманың Америкалық философиялық мектептің өкілі Д. Деннет сана мәселесін заманауи нейроғылым мен когнитивистика тұрғысынан қайта қарастыруға негізделді. Автордың үлесі:

- Картезиандық театрды терістеу: Сананы біртұтас «бақылау нүктесі» емес, мидағы параллельді ақпараттық ағындардың жиынтығы («көптік нобайлар» моделі) ретінде түсіндіруі.

- Физикализм: Сананың мистикалық сипатын жойып, оны жоғары деңгейлі алгоритмдік және функционалдық процесс деңгейіне түсіруі.

- Технологиялық оптимизм: Сана мен машиналық интеллект арасындағы онтологиялық алшақтықты жойып, сананың биологиялық емес субстраттарда (ЖИ) мүмкін екендігін ғылыми негіздеуге тырысты.

Авторлардың үлесі

А.Р. Озкан мен С.М. Джалмагамбетованың зерттеулері көрсеткендей, Әл-Фараби сананың мағыналық яғни семантикалық тереңдігі мен этикалық өзегін ашса, Деннет оның функционалдық яғни синтаксистік тетіктерін ғылыми демистификациялады. Бұл екі көзқарастың синтезі қазіргі нейробиологиялық деректерді философиялық тұрғыдан дұрыс интерпретациялауға және жасанды интеллект этикасының іргетасын қалауға жол ашады.

Әдебиеттер

- Al-Farabi, A. (1988). *Al-Farabi's commentary and short treatise on Aristotle's De Interpretatione*. Oxford University Press.
- Al-Farabi, A. (2002). *Philosophy of Plato and Aristotle*. Cornell University Press.
- Al-Farabi, A. (2020). *The political writings: Political regime and summary of Plato's laws*. Cornell University Press.
- Chalmers, D. (1995). Facing up to the problem of consciousness. *Journal of Consciousness Studies*, 2(3), 200–219.
- Chalmers, D. (1996). *The conscious mind: In search of a fundamental theory*. Oxford University Press.
- Chalmers, D. (2003). Consciousness and its place in nature. In S. Stich & F. Warfield (Eds.), *The Blackwell guide to philosophy of mind* (pp. 102–142). Blackwell.
- Dennett, D. (1991). *Consciousness explained*. Little, Brown and Company.
- Dennett, D. (2017). *From bacteria to Bach and back: The evolution of minds*. HighBridge.
- Ibn Sina, A. (2007). *Avicenna of theology*. Kazi Pubns Inc.
- Ibn Sina, A. (2013). *Avicenna on treating the organs of the head*. Kazi Pubns Inc.
- Ibn Sina, A. (2019). *A compendium of the soul*. Library of Alexandria.
- Presti, P. (2020). Ethical consequence of autonomous AI: Challenges for empiricist and rationalist philosophy of mind. *HUMANA.MENTE Journal of Philosophical Studies*, 13(37), 19–39.
- Steinberger, P. (2021). Political action and the philosophy of mind. *Contemporary Political Theory*, 20(2), 364–384. doi.org
- Tuncdemir, T., Burroughs, M., & Moore, G. (2022). Effects of philosophical ethics in early childhood on preschool children's social-emotional competence and theory of mind. *International Journal of Child Care and Education Policy*, 16(1), Article 5. doi.org

References

- Al-Farabi, A. (1988). *Al-Farabi's commentary and short treatise on Aristotle's De Interpretatione*. Oxford University Press.
- Al-Farabi, A. (2002). *Philosophy of Plato and Aristotle*. Cornell University Press.
- Al-Farabi, A. (2020). *The political writings: Political regime and summary of Plato's laws*. Cornell University Press.
- Chalmers, D. (1995). Facing up to the problem of consciousness. *Journal of Consciousness Studies*, 2(3), 200–219.
- Chalmers, D. (1996). *The conscious mind: In search of a fundamental theory*. Oxford University Press.
- Chalmers, D. (2003). Consciousness and its place in nature. In S. Stich & F. Warfield (Eds.), *The Blackwell guide to philosophy of mind* (pp. 102–142). Blackwell.
- Dennett, D. (1991). *Consciousness explained*. Little, Brown and Company.
- Dennett, D. (2017). *From bacteria to Bach and back: The evolution of minds*. HighBridge.
- Ibn Sina, A. (2007). *Avicenna of theology*. Kazi Pubns Inc.
- Ibn Sina, A. (2013). *Avicenna on treating the organs of the head*. Kazi Pubns Inc.
- Ibn Sina, A. (2019). *A compendium of the soul*. Library of Alexandria.
- Presti, P. (2020). Ethical consequence of autonomous AI: Challenges for empiricist and rationalist philosophy of mind. *HUMANA.MENTE Journal of Philosophical Studies*, 13(37), 19–39.
- Steinberger, P. (2021). Political action and the philosophy of mind. *Contemporary Political Theory*, 20, 364–384. doi.org
- Tuncdemir, T., Burroughs, M., & Moore, G. (2022). Effects of philosophical ethics in early childhood on preschool children's social-emotional competence and theory of mind. *International Journal of Child Care and Education Policy*, 16, Article 5. doi.org

Авторлар туралы мәлімет:

Джалмагамбетова Самал – PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, университеті (Астана, Қазақстан).

Али Рафет Озкан – т.ғ.д., профессор, Анкара университеті (Анкара, Түркия, Orcid id: 0000-0002-7710-5471).

Information about the authors:

Jalmagambetova Samal – PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan).

Ali Rafet Ozkan – Professor, Ankara University (Ankara, Türkiye, Orcid id: 0000-0002-7710-5471).

Сведения об авторах:

Джалмагамбетова Самал – PhD-докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва (Астана, Казахстан).

Али Рафет Озкан – доктор исторических наук, профессор Анкарского университета (Анкара, Турция).

Поступила 11.11.2025

Принята 10.01.2026